

**«АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

**«№12 ОРТА МЕКТЕП»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕ
БҮЙРЫҚ**



**ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА АКТОБЕ»**

**КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«СРЕДНЯЯ ШКОЛА №12»
ПРИКАЗ**

2024 жылғы « 02 » 09

нк № 101

« 02 » 09 2024 года

**«Мектеп оқушыларын ыстық тамақпен
қамту кезіндегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету,
Бракераждық және тамақтандырудың
сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі
комиссия құру туралы»**

«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бүйрығы және «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығының қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандагы № 598 бүйрығы негізінде 2024-2025 оқу жылында мектепте оқушыларды ыстық тамақпен қамтуды ұйымдастыру мен оның сапалық деңгейін жақсарту, тыйым салынған тағамдарды сатырмау және оқушылардың өмір қауіпсіздігінің сақталуын бақылау мақсатында

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н:

1. Мектептегі оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуын бақылауды қүшету мақсатында Бракераждық және тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізу үшін комиссия төмендегі құрамда құрылсын:
А.С. Нукусова – мектеп директоры;
С.Ш. Сарсенбаева – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары;
С.К. Докина – әлеуметтік педагог;
М.Сарсекова – диетолог;
Е.Я. Антошина – ата - аналар комитетінің төрайымы.

2. Комиссияның жұмыс кестесін жасактау комиссия құрамына міндеттелсін.

2.1. Бракераждық комиссия мүшелері құнделікті дайындалатын тағамның шығымы мен сапасын қадағаласын.

3. Оқушыларды тамақтандыру Ақтөбе қаласының білім бөлімі 2024 жылы бекіткен және Ақтөбе қалалық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасымен келісімделген мектеп асханасының перспективалы ас мәзірі негізінде жүргізілсін.

3.1. Мектеп асханасында төмендегі тағамдардың сатылуына тыйым салынсын: тез дайындалатын құрғақ тағамдық концентраттар, майонез қосылған салаттар, газдалған және алкогольсіз энергетикалық сусындар (минералды және ауыз суды қоспағанда), хот-догтар, гамбургерлер, чипсілер, кептірілген наң (сухарики), ащы тұздықтар, кетчуптер негізінде бірінші және екінші тағамдарға; сағыз сатуға және тамақ өнімдерін сататын автоматтарды пайдалануга.

3.2. Мектеп асханасында төмендегі тағамдардың дайындалуына тыйым салынсын: айран, сұзбе және сүт қышқылы өнімдерін, туралған ет қосылған құймақтарды, флотша макаронды, зельцтті, кремі бар кондитерлік өнімдерді, морсты, квасты, форшмакты, фритюрдегі өнімдерді, сілікпені, паштеттерді, фритюрде қуырылған өнімдерді, шала пісірілген жұмыртқаны, қуырылған жұмыртқаны, қаймақ қосылған салаттарды, окорочканы, саңырауқұлакты, үйде дайындалған өнімдерді дайындауға.

3.3. Мектеп асханасында оқушыларға арналып әзірленетін астың сапалы дайындалуын және оқушылардың тамақтану кезіндегі тыйым салынған тағамдарды болдырмау, өмір қауіпсіздігінің сақталуы қамтамасыз етілсін.

3.4. Аспазышылар күн сайын ас блогында дайын өнімнің тәуліктік сынамасын қалдыруды жүзеге асырын.

3.5. Мектеп асханасындағы ас әзірлейтін құрал-жабдықтардың талапқа сай жұмыс жасауы және ондағы жиһаздардың санитарлық-гигиеналық жағдайы мен тазалығының сақталуын қатаң бақылауға алу мектеп директорының шаруашылық істері жөніндегі орынбасары А.Р. Касымоваға жүктелсін.

4. Аталған талаптардың орындалуы мектеп асханасының қызметкерлеріне жүктелсін.

5. Оқушылардың көрсетілген кестеге сәйкес асханада тамақтануын ұйымдастыру, қауіпсіздік ережелерімен таныстыру класс жетекшілерге міндеттелсін.

6. Асхана қызметкерлерінің медициналық тексеруден уақытылы өтуін, Бракераж журналын жүргізу, даярланған ас мәзірінің сапасын күнбе-күн тексеру диетолог М.Сарсеноваға міндеттелсін.

7. Осы бұйрықтың орындалуына басшылық пен бақылау жасау директордың оку ісі жөніндегі орынбасары С.Ш.Сарсенбаева жүктелсін.

Мектеп директоры

А.С.Нұкусова

